

**1994 жылы туылған азаматтарды "Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда № 3-4-106 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімінің 2011.12.07 № 18 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 3 тармағына, 18 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы» ережесіне сәйкес, аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 1994 жылы туылған азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркеу 2011 жылдың қаңтар – наурыз айларында өткізілсін.

2. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (А.Құлниязов):  
тіркеуді жүргізуге қажетті адамдармен қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырсын;

келмеген шақырылушыларды іздестіріп, бақылайтын топ құрып, оның құрамына аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен, селолық округ әкімдері аппараттарынан, аудандық ішкі істер бөлімінен өкілдер енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Селолық округ әкімдері:

1994 жылы туылған азаматтардың тіркеу учаскелеріне уақытылы жеткізілуі үшін мекемелерден, мектептерден арнаулы көліктер ұйымдастырсын.

4. Аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі (Е.Құлжан):  
тіркеу кезінде анықталған орта білімі жоқ жастарды өздерінің тұрақты мекен-жайы бойынша орта мектептерге бекітіп, оларды оқытуды ұйымдастыруды қатаң бақылауға алсын.

5. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ( Ш . С п а н о в а ) :

тіркеуге дайындық жүргізуге және тіркеу кезінде құжаттарды толтыруға аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне көмек беру үшін 2011 жылдың 1 қаңтар мен 1 наурыз аралығындағы уақытқа қоғамдық ақылы жұмысшылар қ а т а р ы н а н 7 а д а м б ө л с і н .

6. Аудандық «Орталық аурухана» МҚКК (М.Жазықов):  
тіркеу барысында анықталған науқас азаматтарды емдеу мекемелеріне тұрақты бекітіп, оларды жан-жақты сауықтыру шараларын жүргізісін;  
бұл жұмысты бақылауға алып, қажет жағдайда көшпелі дәрігерлік комиссия ұйымдастыруды қамтамасыз етсін, сондай-ақ әскери шақырылу қостарын қажетті медициналық және шаруашылық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етсін.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А . А м а н ғ о с қ а т а п с ы р ы л с ы н .

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Б.Кемешов